

Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 57/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 5601 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 02/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 15.01.2021 № 02/01 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік нысанына және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) 1-қосымшаға сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

2) 2-қосымшаға сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

3) 3-қосымшаға сәйкес ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындарының тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде мүгедектер үшін 3 пайыз мөлшерде.

2. Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 07/01 "Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5194 болып тіркелген, 2019 жылдың 22 ақпанда № 8 (7691) "Тоқырауын тынысы" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылдың 28 ақпанда электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімі

С. Әбеуова

Ақтоғай ауданы
әкімдігінің 2019 жылғы

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (%) қызметкерлердің тізімдік санынан)	Б а с бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының " Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	1	1
2	Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі "Күләш Байсейітова атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	75	1	1

Ақтоғай ауданы
әкімдігінің 2019 жылғы
" " №
қаулысына 2-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (%) қызметкерлердің тізімдік санынан)	Пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Тоқырауын Су Жылу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	62	1	1
2	"Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сарышаған кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	1	1

Ақтоғай ауданы
әкімдігінің 2019 жылғы
" " №
қаулысына 3-қосымша

Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының "Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	143	3	4
2	Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының білім бөлімі "Сарышаған кентіндегі жалпы орта білім беретін мектеп (мектеп жанындағы интернатымен)" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	192	3	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК